

"Бағалау қызметі саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 147 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 149 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 504 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 185 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда № 16952 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Осы бірлескен бұйрық 2018 жылғы 13 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бағалау қызметі саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 147 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 149 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13628 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 сәуірінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т.Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық 2018 жылғы 13 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

_____ Қ. Жақыпбаев

16 мамыр 2018 жыл